Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүлдік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлдік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркелген күні») төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде аудару жолымен теңгемен жүзеге асырылады.

Купондық сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 уақытша база қолданылады (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн).

Соңғы купондық сыйақының төленуі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Биржа ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда - саттық өткізілген күн.

облигациялар мерзімі



Жылдар: 4

Айлар:

Күндер:

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

облигацияларды өтеу тәсілі

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу көрсетілген төлемді алуға құқығы бар Облигацияларды ұстаушылардың және Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) банктік шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады).

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздемесе, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

қолданылмайды

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат одан әрі лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға бағытталатын болады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

қолданылмайды

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

қолданылмайды

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

қолданылмайды

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

қолданылмайды

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

қолданылмайды

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

қолданылмайды

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

қолданылмайды

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

қолданылмайды

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

қолданылмайды

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

қолданылмайды

Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

қолданылмайды

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

- 1) жеке Меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
 - 2) Жеке Меморандумда көзделген мерзімдерде және мөлшерде облигациялар бойынша купондық сыйақы алу құқығы;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларында көзделген тәртіпке сәйкес және тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
 - 5) жеке меморандумда белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
 - 6) облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге де жолмен билік ету құқығы;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жеке Меморандумда көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды талап ету құқығы;
- Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқықтарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері одан әрі мына тармақшада көрсетілген:

а) егер Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 15 бабының 2 тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 18-4 бабы 2 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 15 бабы 2 тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзған жағдайда, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 15 бабы 2 тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген шарттарды өзгертуге облигацияларды ұстаушылардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда, жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алуға міндетті.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде эмитент орналастырылған облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (і) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) облигациялардың нарықтық бағасы, қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған (мұндай баға болған кезде); (iii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына негіздің пайда болуы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті Эмитенттің ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды сатып алу үшін (www.kaf.kz), биржалар (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz). Бұл ақпарат облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оны қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кем дегенде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде:

-Облигацияларды сатып алу туралы;

-Облигациялардың сатып алынуы жүргізілетін баға туралы;

-сатып алынатын Облигациялардың саны туралы;

-Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы – бұл ретте, сатып алуды жүргізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;

-есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:

-(а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигациялардың сатып алынуы нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі туралы;

-Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдерді қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.kaf.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийдің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

-бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;

-сатып алынатын Облигациялардың саны;

-Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;

-есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигациялардың сатып алынуы нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрық беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;



-Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

б) осы жеке меморандумда көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы жеке меморандумның 8-тармағында көрсетілген.

8) облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Жазылғанға қосымша ретінде, Облигацияларды шығару шарттарында Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығы көзделген. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің Облигацияларын (бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықтарында) олардың бүкіл айналым мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алу бағасы, өтеуін төлеп алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады. Бұл ретте, сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оларды қайтадан сатуы мүмкін.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт - бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмауы, басталған кезінде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») болып табылады.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (бұдан әрі – Нақты төлем күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (Нақты төлем күні тұрақсыздық айыбын есептеу күні болып табылады).

Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақыны және/немесе Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толығымен төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкінсіз ететін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банк шотының дәйексіз немесе толымсыз деректемелерін алуы нәтижесі, не болмаса «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбау нәтижесі болып табылатын болса, Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т. б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы жеке меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамалас кейінге шегеріледі.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде, тәртіпте және тәсілдерді қолдана отырып, Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарды қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы жеке меморандумға ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмейтін болса және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ, егер борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Эмитент алынған Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптары бойынша Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың одан арғы іс-әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып, аталмыш төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде аталмыш ақпаратты тиісті ақпараттық хабарды Эмитенттің (www.kaf.kz), Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсына – оның ережелерімен белгіленген тәртіпте және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсына – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабары мынадай мәліметтерді:

- Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептердің толық сипаттамасын;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтерді;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса



алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын;


-Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шараларды;

-Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күнін;

-Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

ПРАШЕВ АЙДАР ГИЛИМОВИЧ
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

